

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Сарышаған кенті әкімінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 1 "Ақтоғай ауданы Сарышаған кентінің Қаражыңғыл станциясы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Сарышаған кентінің әкімінің 2024 жылғы 22 тамыздағы № 4 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 26 тамызда № 6639-09 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтоғай ауданы Сарышаған кентінің Қаражыңғыл станциясының аумағында ірі кара мал арасында құтыру ауруын жою жөніндегі ветеринариялық-санитариялық шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Сарышаған кенті әкімінің "Ақтоғай ауданы Сарышаған кентінің Қаражыңғыл станциясы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2015 жылғы 25 ақпандағы № 1 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2998 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сарышаған кентінің әкімі*

*А. Тоимбеков*